АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2023 жылғы 16 ақпан № 72

Құлсары қаласы

город Кульсары

Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 71 баптарын басшылыққа ала отырып, «Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 02 желтоқсандағы өтініші негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Жылыой ауданы, Құлсары қаласында орналасқан 4 көп қабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін жер учаскелерін пайдалану үшін іздестіру жұмыстарын жүргізуге ауданы 0,168 га жер учаскесін пайдалануға 3 (үш) жыл мерзіміне дейін рұқсат берілсін.

2. «Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) Жылыой ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімімен жер учаскесін инженерлік-геодезиялық және геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін пайдалану келісім шартын 10 жұмыс күндік мерзімнен кешіктірмей жасақтау;

2) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін жер салығын Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес төлеу;

3) жер учаскесін өз мақсатында пайдалану;

4) жерді бүліну процестерінен қорғауға, бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүргізу ұсынылсын.

002247

3. Жылыой ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі жер–кадастрлық құжаттамасына тиісті өзгерістер енгізсін.

Аудан әкімі **Ж.Қаражанов**

Жылыой ауданы әкімдігінің
«16» ақпан 2023 ж
№ 72 қаулысына қосымша

«Жылыой ауданы үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Жылыой ауданы, Құлсары қаласында орналасқан 4 көп қабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін жер учаскелерін пайдалану үшін берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

№	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің ауданы, га	Жер учаскесінің пайдалану құқығы
1	Махамбет даңғылы №22 үй	0,042	Уақытша өтеусіз
2	Махамбет даңғылы №188 үй	0,1250	Уақытша өтеусіз
3	Махамбет даңғылы №24 үй	0,042	Уақытша өтеусіз
4	Махамбет даңғылы №187 үй	0,042	Уақытша өтеусіз
	Барлығы:	**0,168 га**	